

Нурсеитова Л.Д.

аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: nurseitova.laila3@gmail.com

ЖАПОН ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Қазіргі кезеңде жапон тілін оқытудың алуан түрлі әдіс-тәсілдері бар. Оқушының бойында тілге деген қызығушылығын, құмарлығын, тапқырлығын ояту үшін пайдалы әрі қызықты әдіс-тәсілдерді қолдана білу керек.

Жапон тілін оқыту әдісінің негіздері келесі болып бөлінеді. Грамматикаға кіріспе, негізгі жаттығулар және практикалық жаттығулар болып табылады. Әрбір жаңа грамматикалық құрылымды үйреткен кезеңде кіріспе, негізгі жаттығулар, практикалық жаттығулар маңызды болып табылады, өйткені жаңа тақырыпты үйретудің негізін құрайды.

Түйін сөздер: әдіс-тәсілдер, грамматикаға кіріспе, практикалық жаттығулар, мотивация, эффективті, коммуникативтік тәсіл.

Nurseitova L.D.

Senior teacher, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: nurseitova.laila3@gmail.com

Effective methods of teaching the Japanese language

This article describes the main stages and approaches to teaching Japanese as a foreign language. Japanese language teaching is growing throughout the world. It is important that this growth is not only quantitative but also qualitative in establishing new patterns for Japanese language instruction. Methods of teaching Japanese language are divided into the following types: grammatical introduction, basic and practical exercises. These basic techniques are being used in explaining new material.

Key words: methods, grammatical introduction, practical exercises, motivation, effective, communicative method.

Нурсеитова Л.Д.

ст. преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: nurseitova.laila3@gmail.com

Эффективные методы обучения японского языка

В данной статье рассматриваются основные этапы и методы преподавания японского языка. Методика преподавания в этом деле играет немаловажную роль, так как от этого в значительной мере зависит скорость обучения. Она подразделяется на следующие типы: грамматическое введение, основные и практические упражнения. Данные методы принято считать основополагающими при разъяснении нового грамматического материала, потому как именно из них складывается процесс обучения по каждой из тем.

Ключевые слова: методы, грамматическое введение, практические упражнения, мотивация, эффективный, коммуникативный метод.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде көптеген шетел ғалымдары зерттеген жапон тілін оқытудың алуан түрлі әдіс-тәсілдері бар.

Қазіргі заманның даму талабына сай оқытушы «білім бұлағы» емес, «білім бұлағына» жеткізуші, яғни білім алу жетекшісі болуы тиіс. Оқытушының талапқа сай оқушының білім алу белсенділігін арттыру мақсатында жаңа оқыту әдістерін меңгеру қажеттілігі туындап отыр. Оқушының білім алуға деген құштарлығын ояту үшін қазіргі заманда оқытушы көп ізденіп, сабақтың тиімді өтуіне белсенді жұмыс жасауы қажет. Білім сапасы оқушының білімге деген құштарлығымен, қызығушылығына тікелей байланысты.

Оқушының бойында тілге деген қызығушылығын, құмарлығын, тапқырлығын ояту үшін пайдалы әрі қызықты әдіс-тәсілдерді қолдана білу керек.

Негізгі бөлім

Жапон тілін оқытудың әдіс-тәсілдерінің құндылықтары алуан түрлі. Оқу жүйесінің даму заңдылықтарына сәйкес оқыту әдістерінің құндылықтары өзгеріп, жанданып, дамуда.

Осы мақалада шетел ғалымдарына сүйене отырып жапон тілін оқытудың маңызды әдіс-тәсілдерімен таныстырғым келеді.

Оқыту әдісі оқыту амалы, оқыту әдіс-тәсілдері, оқыту техникасы және тағы басқа әдістерден құралады. Бұл әдістердің құрылымы ұқсас болғанымен алуан түрлі ерекшеліктері бар. Мысалы техникалық оқыту әдісінің ерекшелігі практикалық техника әдісі болып табылады. Әдіс-тәсілдердің ерекшелігі оқыту әдісінің анық қыр-сырларын оқытса, амал немесе тәсіл әдісі оқыту әдісінің негізі болып табылатын тілдік және оқыту әдісінің қыр-сырларын оқытады.

Оқушылардың оқуға деген белсенділіктерін жоғарылату үшін көптеген ғалымдар, психологтар зерттеу жұмыстарын жасап, оқыту процесіне қатысты тиімді идеяларды, бағыттарды ұсынған болатын. Американың техникалық ғылым докторы Джон Келлердің (John Keller's ARCS Model of Motivational Design) зерттеу жұмыстары бойынша оқыту әдісінің мотивациясы немесе оқытушының оқуға деген ынтасын тексеру үшін 4 этаптан тұратын мотивация ұсынды: зейін, өзара байланыс, сенім және қанағаттану немесе разылық құндылықтар (Suzuki Katsuaki., 2002: 177-179pp.). Оқушыларды ынталандырудың 4 кезеңін қарастырған: 1) зейін: оқушы-

ның қызығушылығын туғызу, 2) өзара байланыс: оқушыға пайдалы болатын ақпараттармен байланыстыру, 3) сенім: оқушының бойынан істесем қолымнан келеді деген сенім туғызу, 4) қанағаттану немесе разылық: істегенім жақсы болды деп оқушының өз-өзіне деген ризашылығын туғызу. Джон Келлер және Жапонияның көптеген ғалымдары осы 4 мотивацияны шет тілдерді тиімді оқыту процесінде эффективті жолдардың бірі деп қарастырды (Nihongo kyouiku tsuushin 56 go., 2006: 56p.).

Жапон тілін оқыту әдісінде жаңа грамматикалық тақырыпты үйрету кезеңінде 3 негізгі құрылым маңызды орын алады. Жапон тілін оқыту әдісіндегі 3 негізгі құрылым: 1) жаңа грамматикалық тақырыпқа арналған кіріспе, 2) негізгі грамматикалық жаттығулар, 3) практикалық жаттығулар.

Грамматикаға кіріспе әдісі:

– Грамматикалық кіріспенің негізгі мақсаты әртүрлі грамматикалық кіріспе әдістерін түсіндіру;

– Оқушыны жаңа грамматикалық тақырыпқа қатысты ойландырту;

– Оқушыны жаңа грамматикалық тақырыпқа қатысты қызығушылығын, тапқырлығын ояту;

– Оқушының жақсы білетін біліктілігімен байланыстыра отырып, жаңа тақырыппен үйлесімділікті таба білу;

– Дәрісті немесе жаңа грамматикалық сабақты оқушыға оңай түсіндіре білу біліктілігі.

Жаңа грамматикалық тақырыпты түсіндірген кезде қолданылатын кіріспе тәсілдері:

а) тақтаға грамматикалық тақырыпты жазып, мағынасын және қолдану әдісін түсіндіру;

б) грамматикалық құрылымдарды қолданатын жерді және қолданатын жағдайды сілтеп көрсету арқылы үйрету;

в) модельді диалог арқылы грамматикалық құрылымды үйрету;

г) оқытушы оқушымен күнделікті диалог жасай отырып, диалог ішінде грамматикалық құрылымды қолдану;

д) сурет, фото, видео, CD кітаптарды қолдану арқылы үйрету;

е) оқытушы жаңа грамматикалық құрылымды өз іс-әрекеті және оригинал заттарды қолдану арқылы үйрету;

ж) оқытушы оқушыға грамматикалық құрылымның мағынасын және грамматикалық ережелерді болжам жасау арқылы үйрету.

Мысалға алынған жаңа тақырып:

Мысалы: «V ています/ TE IMASU» атты грамматикалық құрылымға кіріспе:

«V ています/ TE IMASU» атты етістікті тақтаға жазу;

«V て/TE» етістіктің «TE» формада екендігін оқушының ана тілін қолданып түсіндіру;

«V ています/ TE IMASU» атты етістік формасының қолдану түрлерін, әдістерін үйрету;

«V ています/ TE IMASU» етістігінің 3 түріне мысал келтіріп, тақтаға жазу;

Оқушыларға тақтаға жазған мысалдарды жапон тілінде дауыстап оқытқызып, мысалдардың мағынасын түсінгендерін ана тілінде сұрау арқылы тексеру.

Әрбір грамматикалық құрылымды үйреткен кезде кіріспе маңызды болып табылады, өйткені грамматикалық құрылымды үйретудің негізін құрайды.

Грамматикалық құрылымды үйретуде кіріспе жұмысының негізгі мақсаты:

Оқушылардың жаңа грамматикалық құрылымға қатысты қызығушылығын туғызу;

Оқушыларға жаңа грамматикалық құрылымды үйреткен кезде, жаңа тақырыпты ойландырту, болжам жасау әдіс-тәсілдерді қолдану;

Жаңа грамматикалық құрылымды қолданатын жерді, жағдайды мысалдар келтіру арқылы түсіндіру;

Ұқсас грамматикалық құрылымдармен байланыстылығын тауып, ерекшелігін, қолдану жағдайын түсіндіру;

Оқушыдан жаңа грамматикалық құрылымның формасын дұрыс түсінгендігін тексеру (Kitamura, Nunooka Tsuiichiro, Namakawa Yukio., 2012: 19-20pp.).

Грамматикалық жаттығуларды үйртуде негізгі жаттығулардың мақсаты:

Етістіктің немесе жаңа грамматикалық құрылымның дұрыс қолдану құрылысын үйрету;

Жаңа грамматикалық құрылымды нақты қолданатын мысалдар арқылы түсіндіру;

Жалықтыратын немесе зеріктіретін әдіс қолданбау;

Жазу, оқыту, тыңдату, диалог жасау атты 4 шеберлік әдісті қолдану;

Әртүрлі жаттығуларды сатылай, түсіну біліктілігіне қатысты үйрету (Kitamura, Nunooka Tsuiichiro, Namakawa Yukio., 2012: 23-25 pp).

Практикалық жаттығулардың негізгі мақсаты:

Жаңа грамматикалық құрылымды шынайы диалогта қолдануға болатындай жаттығулар жасату;

Жаңа грамматикалық құрылым оқушы үшін таныс, болашақта қақтығысатын ортаға, рөліне қатысты етіп қолдану;

Жаңа грамматикалық құрылыс бойынша қолданатын диалогтың бағытын ойластырып жаттығулар жасату;

Практикалық жаттығудың диалогын жасату немесе құрастыруда, оқушыға өз еркімен құрастыра алу мүмкіншілікті, диалогта қолданатын мағлұматтарды таңдау еркіндікті беру;

Аудиториядағы оқушыларды бір-бірімен белсенді түрде диалог жасату (Kitamura, Nunooka Tsuiichiro, Namakawa Yukio., 2012: 27-29pp).

Диалогтік оқыту арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру, олардың білім деңгейін көтеру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Жапон тілі пәні бойынша диалог сабақтың мақсаты:

– осы уақытқа дейінгі өзінің диалог сабақтарына көз жүгірткізе алу;

– сөйлеу қабілеті жайында әртүрлі жағынан қарастыра алу;

– сөйлеу қабілетін жетілдіруге арналған сынып іс-әрекеттерінің негізгі пункттерін түсіну;

– сынып іс-әрекеттерін нақты қарастыра алу

Диалог сабағының негізгі бақылау пункттері:

Мұғалімнен гөрі оқушылар көп сөйлейді ме?

Оқушылар өздерінің айтқысы келген ойларын айта алады ма?

Оқушылар айтқысы келгенді қалай айтатынын ойлап, таңдап, сөйлеу жаттығуларын қолдана ала ма?

Оқушылар диалогтық жаттығуларды орындағанда бір-бірі туралы мағлұматтарды толықтыра ма?

Серіктестің реакциясын көре отырып, өзінің сәйкес ойын диалогтық жаттығуда білдіре ала ма?

Жаттығудағы диалогтар мақсатты болып табылады ма?

Жапон тілі бойынша сөйлеу қабілетіне қатысты:

Сөйлеу күші дегеніміз не?

(Сұрақ) Мысалы: «Ана адам жапон тілін жетік біледі» немесе «нашар біледі» деген кезде не-ні негізге ала отырып солай айтады?

ACTFL-OPI атты сынақтан көрінетін сөйлеу қабілеті

– ACTFL-OPI (Шетел тілдерін Оқыту Американдық Кеңесі – Ауызша Қабілеттілік Сұхбаты) – осы ауызша қабілеттілік сұхбат арқылы көптеген жапон тілі орталықтарында жапон тілін білетін шетелдіктерден жапон тілінің сөйлеу қабілеттіліктерін тексереді.

Ауызша қабілеттілікті сұхбатқа сүйене отырып есептеу (Kitamura, Nunooka Tsuiichiro, Namakawa Yukio., 2012: 30-32pp).

ACTFL-OPI кестесі

レベル Деңгей	初級 N: Novice Бастапқы деңгей	中級 I: Intermediate Орташа деңгей	上級 A: Advanced Жоғары деңгей	超級 S: Superior Ең жоғары деңгей
Басқара алатын мәтін құрылысы	Жай сөздер мен сөйлемдермен сөйлейді	Тәуелсіз әрі біріккен сөйлемдерді қолданып сөйлейді	Қорытындылап, яғни бір тақырыптағы сөйлемдерді жинақтап сөйлейді	Тақырыпты үлкен салаға байланыстыра отырып, жақсы құрастырылған бірнеше ұзын қорытындыларды қолдана отырып сөйлейді
Істей алатын нәрсесі	Жаттаған сөздер мен тұрақты сөз тіркестерді қолданып сөйлейді	Сұрақ қойып не оған жауап бере алу. Күнделікті нәрселерге қатысты сөйлейді	Абстрақты нәрселерді түсіндіріп сипаттау. Күнделікті емес нәрселерге қатысты	Қандай болсын тақырып жайында сөйлеу қолынан келеді. Ресми және ресми емес диалогтарды ажырата алады.
Нақты тіл іс-әрекеттерінің мысалы	<ul style="list-style-type: none"> • Сәлемдеседі • Аты-жөні мен мамандығын айта алады. 	<ul style="list-style-type: none"> • Мейрамда тапсырыс бере алады. • Телефонмен қонақүйге тапсырыс бере алады. 	<ul style="list-style-type: none"> • Өз қаласы жайында жан-жақты түсіндіреді • Серилал не фильм қысқа мазмұнын айтады • Кешіккен себебін түсіндіреді 	<ul style="list-style-type: none"> • Саяси мәселе жайында пікір-таласқа қатысады • Бастықтың пікірін теріске шығарады • Кішкентай баламен ауызекі сөйлеу стилінде сөйлейді

4. Коммуникация қабілеттілігі

– Грамматикалық қабілеттілік (грамматика, сөздік қор, сөздерді айта алу, әріптер, жазулар)
– Қоғамдық тіл қабілеттілігі
– Әңгімелесу қабілеттілігі
– Стратегия қабілеттілігі
(Tanoshii yomimono 55. Kazuko Shimada, Saiko Takami, Manabu Kobayashi. Printed in Japan: 2013. 14-18p.)

Рөлдік ойын

Рөлдік ойын дегеніміз белгілі бір жағдайда студент қандай да бір рөлде өз сөздерін қолдану жаттығуы.

Рөлдік ойын сабағының желісі

Грамматика мен сөз қорын түсіндіру. Содан соң, соны қолданып, рөлдік ойын ойнату.

Алдымен рөлдік ойын ойнатыңыз. Сосын, грамматика мен сөз қорын түсіндіру.

Рөлдік ойын сабағының желісі (орташа деңгей)

Тәжірибе мен оқығанды еске түсіру. Оқу пункті болатын жер мен жағдайға қатысты осыған дейін тәжірибе алған мағлұматы мен қолданған тұрақты сөз тіркестерін еске түсіру

Рөлдік ойын

Алдымен өз күшімен рөлдік ойынды жасап көру
Қолыңыздан келетін және келмейтін нәрселерді түсіну

Жауап қайтару жаттығулары**Қате қолданысты түзету**

(Жапон тілінен есту қабілетін дамыту. Жоғарғы деңгей. Курошио баспасы. Жапония: 2011. – 28 б.)

Іс-әрекет мақсаты (оқыту мақсаты)

– Сабақты орындау
– Грамматикалық қабілеттілік (тұрақты сөз тіркестері, нақтылығы, тіл еркіндігі)
– Әңгіме қабілеттілігі
– Қоғамдық тіл қабілеттілігі
– Стратегия қабілеттілігі
Бағалау тәсілі
– Хабарлама жасау тәсілі
(Minnano Nihongo Shyokyu 1 Kaite Oboeru Bunkeirensyuchyou. Hirai Etsuko, Miwa Sachiko. Kabushikigaishya Surienettowaku Printed in Japan: 2001. 58-61pp.)

Оқу сабағының әдістері

– оқудың стратегиясының түрі мен әрқайсысының мазмұнын түсіну

– оқу сабағының жүруін ойлап, әр кезеңде неге көңіл аударған жөн, соны түсіну.

– өзің ана тілінде нені қалайша оқисың соны қайталау, жапон тілін оқуда пайдалануға болады.

1. «Оқу» процесі

3 моделі: «оқу» процесінде (1) төменнен жоғарыға қарай моделі (2) жоғарыдан төменге моделі, (3) өзара айырбас моделі деген 3 модель бар.

«Оқу» схемасы

«Оқу» процесі туралы тағы бір маңызды пункт туралы ойланайық. Жоғарыдан төменге моделі не өзара айырбас моделі оқыған адам мәтін мазмұнын жорамал, болжам жасау өте маңызды жұмыс жасайды.

«Оқу» стратегиясы

Күнделікті өмірде шығарма оқыған кезде «схема» пайдаланып, жоғарыдан төменге моделі оқу әдісін көп жасап, төменнен жоғарыға оқу әдісін көп жасап, екеуін де пайдаланады. Бұл шараны стратегия деп атайды. «Оқу» кезінде пайдаланылатын маңызды стратегияны реттестірейік.

Жапон тілінің шығармасын оқыған кезде осындай, күнделікті өмірде табиғи түрде пайдаланылатын түрлі стратегияны дұрыс пайдаланса, оқу қабілетін дамыта алады. Оқушы жапон тілі сабағында шығарманы оқыған кезде де осы стратегияны пайдаланатындай болу үшін жаттығу жасатқызу маңызды.

4. «Оқу» сабағының жоспары

Күнделікті өмірде «оқу» десең, соны таңдап, оқисың ба жоқ па дегенді шешуден басталып, оқу мақсаты болып, оқығаннан кейінгі әрекет бар. Сабақта да бірдей ойлап, оқушы «оқығым келеді» деген сезім болатындай тәсіл жасап, оқыған соң шығарманы жүзеге асыратындай әдісті ойлайық. Сабақ барысы жұмыс барысы, жұмыстан кейінгісі (даму әрекеті) деген 3 кезең болады деп есептелінеді. (Бэйсик катджи бук.1 том. Чиэко Кано, Юри Шимизу, Хироко Такэнака, Эрико Иши. Кабушикигайша Бонджинша. Жапония: 2004. 22-25 бб.)

Алдын ала жұмыс	Жұмыс барысы	Жұмыстан кейінгісі
– мотивация – тақырып не жағдайға қатысы бар схеманың активациясы – жорамал, болжам – оқудың мақсатын нақтылау (стратегияны саналы ететін тапсырма)	– мақсатқа сай оқу әдісін жасау – жорамал, болжам, гипотезаны растау, дұрыстау – (сөз білімін пайдаланып) мағынасы мен формасын салыстыру – маңызды пунктті жинау – маңызды мәліметті іздеу	– оқыған мазмұнға қатысы бар әсер (әсерін айту, мазмұнды басқа адамға жеткізу, мәліметті пайдалану) – сөзді оқу (лексика, грамматиканы бекіту үшін әрекет)

5. Жұмыс барысының белсенділік формасы

– жеке адам – жұп – группа

6. Оқушының деңгейіне сай оқу әрекеті

(1)Түсу – бастапқы деңгей: оқу (сөйлем мысал, лексиканы бекіту ретінде) көп деңгей.

Лексиканы көбейту әдісі – лексиканы есте қалуы оңай әрекет маңызды.

– (сөздік мағынасы – жеке эпизод)

Танымайтын сөзді болжау әдеті не жоғарыдан төменге оқу жаттығуын енгізу.

– (2) ортаңғы деңгей соңы: контекстен болжау қабілетін жұмыс жасатқызу арқылы лексиканы көбейтетіндей ететін деңгей.

– (тез оқу, көп оқу, сыни оқу)

– JF жапон тілін оқыту стандартынан көрген оқу қабілеті

Сөйлеу қабілеті де бар жапон **тілінің игеру деңгейін** 6 деңгейге (A1, A2, B1, B2, C1, C2) бөлу негізінде «JF жапон тілін оқыту стандарты» бар. JF жапон тілін оқыту стандартында әр деңгейде істей алатын айқын сөз белсенділігінің мысалы «– істей алу» деген формада көрсетіледі.

Онда «оқу» әрекетінде «хат не хабарламаны оқу» әрекеті, «маңызды мәліметті табу» әрекеті, «мәлімет не маңызды пунктті оқу» әрекеті, «түсіндірмені оқу» әрекеті сияқты түрлі типтің сөз белсенділігі бар болуы көрсетіледі.

Оқу қабілеті келесідей сипатталады (Kitamura, Nunooka Tsuiichiro, Hamakawa Yukio., 2012: 45-50 pp)

	Оқитын нәрсе
A1	Мысалы, хабарландыру не постер, каталогтағы жақсы білетін есім, сөз, қарапайым сөйлемді түсіне алу.
A2	Өте қысқа оңай мәтінді түсіне алу. Жарнама не мазмұн шолуының брошюрасы, меню, бағдарлама сияқтылардың ішінен күнделікті қарапайым айқын болжамы бар мәліметті алу. Оңай әрі қысқа жеке хатты түсіне алу.
B1	Өте жақсы пайдалана алатын күнделікті сөз не өзінің жұмыстағы қарым-қатынастағы сөзде жазылған мәтінді түсіне алу. Болған нәрсені, сезімді, қалауынды айта алатындай жеке хабарламаны түсіне алу.
B2	Автордың позициясы не көзқарасы шығатын заманауи мәселе туралы мақала не хабарламаны оқи алу. Заманауи әдебиеттің прозасын оқи алу.
C1	Ұзақ күрделі фактіге сүйенетін мәтін не әдеби мәтінді, әдеби стильдің айырмашылығын ұғына отырып, түсіну. Өзіңе қатысы бар нәрседен бөлек саладағы кәсіби мақаланы да, ұзақ техникалық түсіндірмені де түсіне алу.
C2	Абстрактілі, құрылымдық лингвистикалық күрделі, мысалы анықтамалық пен кәсіби мақала, әдеби шығарма мәтіндері сияқты, шынайы формада жазылған сөзді оңай оқи алу.

Қорытынды

Жапон тілін оқыту үдерісінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шығыстану факультетінің оқытушылары жоғарыда айтылған 3 негізгі құрылымдарды (1 жаңа грамматикалық тақырыпқа арналған кіріспе, 2 негізгі грамматикалық жаттығулар, 3)

практикалық жаттығулар) оқыту шеберліктерінде кеңінен пайдалануда. Жапон тілін оқыту кезінде Урава қаласында орналасқан Халықаралық жапон тілі Институтынан жинаған тәжірибелерімізге сүйене отырып, осы жоғарыда айтылып кеткен әдіс-тәсілдерді өз оқыту методикаларымызда кеңінен пайдаланамыз, бұл әдістер бізге негізгі арқау болып табылады.

Әдебиеттер

- Бэйсик катджи бук.1 том. Чиёко Кано, Юри Шимизу, Хироко Такэнака, Эрико Иши. Кабушикигайшя Бонджиншя. – Жапония, 2004. 22-25 бб.
- Жапон тілін оқыту методикасы, техникасы. – Жапония, 2006. – 56 б.
- Жалпыға ортақ жапон тілі, бірінші деңгей. Жаттығулар. Хирай Эцуко, Мива Сочико. – Жапония, 2001. 58-61бб.
- Жапон тілінен есту қабілетін дамыту. Жоғарғы деңгей. Курошио баспасы. – Жапония, 2011. – 28 б.
- Оқу әдістемелік материалдар құрастыру, Сузуки Кацуаки. – Жапония, 2012. 177-179 бб.
- Таношии емимонно 55. Казуко Шимада, Сайко Таками, Манабу Кобаяши. – Жапония, 2013. 14-18 бб.
- Урава орталығында (Жапония) біліктілікті арттыру Институтының 2012 ж. жинағы, Китамура, Нуноока Цуйчиро, Хамакава Юкио. – Жапония, 2012. 19-20 бб.
- Урава орталығында (Жапония) біліктілікті арттыру Институтының 2012 ж. жинағы, Китамура, Нуноока Цуйчиро, Хамакава Юкио. – Жапония, 2012. 23-25 бб.
- Урава орталығында (Жапония) біліктілікті арттыру Институтының 2012 ж. жинағы, Китамура, Нуноока Цуйчиро, Хамакава Юкио. – Жапония, 2012. 27-29 бб.
- Урава орталығында (Жапония) біліктілікті арттыру Институтының 2012 ж. жинағы, Китамура, Нуноока Цуйчиро, Хамакава Юкио. – Жапония, 2012. 30-32 бб.
- Урава орталығында (Жапония) біліктілікті арттыру Институтының 2012 ж. жинағы, Китамура, Нуноока Цуйчиро, Хамакава Юкио. – Жапония, 2012. 45-55 бб.

References

- Basik kanji book Vol 1. Chieko Kano, Yuri Shimizu, Hiroko Takenaka Eriko Ishii. Kabushikigaishya Bonjinsha CO., LTD Printed in Japan: 2004. 22-25pp.
- Kaigainihongo kyoushi Chyookikenshyu 2012 nendo Kitamura, Nunooka Tsuiichiro, Hamakawa Yukio Printed in Japan: 2012. 19-20 p.
- Kaigainihongo kyoushi Chyookikenshyu 2012 nendo Kitamura, Nunooka Tsuiichiro, Hamakawa Yukio. Printed in Japan: 2012. 23-25 p..
- Kaigainihongo kyoushi Chyookikenshyu 2012 nendo Kitamura, Nunooka Tsuiichiro, Hamakawa Yukio. Printed in Japan: 2012. 27-29 p.
- Kaigainihongo kyoushi Chyookikenshyu 2012 nendo Kitamura, Nunooka Tsuiichiro, Hamakawa Yukio. Printed in Japan: 2012. 30-32 p.
- Kaigainihongo kyoushi Chyookikenshyu 2012 nendo, Kaiwa Jyugyo no hinto. Kitamura, Nunooka Tsuiichiro, Hamakawa Yukio. Printed in Japan: 2012. 45-55 pp.
- Kyozaisekkei manyuaru dokugaku o shiensurutameni, Suzuki Katsuki:2002. 177-179 pp.
- Minnano Nihongo Shyokyu 1 Kaite Oboeru Bunkeirensyuchyou. Hirai Etsuko, Miwa Sachiko.
- Kabushikigaishya Surienettowaku Printed in Japan: 2001. 58-61pp.
- Nihongo kyoiiku tsushin 56 go □2006/09□□jyuugyo hinto□yaruki o hikidasu jyugyouno tekuniku. – Printed in Japan: 2006.– 56p.
- Speaking Skills Learned through Listening Japanese “Live” Upper Intermediate and Advanced Level. Kuroshio shyuppan, Printed in Japan: 2011. -28p.
- Tanoshii yomimono 55. Kazuko Shimada, Saiko Takami, Manabu Kobayashi. Printed in Japan: 2013. 14-18p.